

Бекітемін : Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 28.10 - 01.11.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgZUyE.mp4 4 (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Аспанда күн ыстық. Жерде бізге кім ыстық? Әке мен шешеміз Бәрінен тым ыстық! Жасасын туыстық, Достық пен тыныштық. (сөйлеуді дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgZUyE.mp4 (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Арайлы таң, армысың! Шуақты күн, армысың! Жан досым, саған сәлем берейін, Аман-есен бармысың! Балалар достарымен қол алысып амандасады. (сөйлеуді дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру".	Балалардың отбасында не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Үстелдердің жанына орындықтарды қою. Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету." Дамытушы мультфильм Көгөністер әні https://bilimkids.kz/media/video/kogonister-ani «Көгөністер мен жемістер» үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың пішініне (дөңгелек, сопақ) назар аудара отырып, объектілерді өзара байланыстыруға және топтастыруға ынталандыру: түсті қабылдауды, тактильді сезімдерді,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру." «Көгөністер мен жемістер» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға ересектер ұсынған көкөністер мен жемістердің атауын атауды, оларды түрінен тануды,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету." Дамытушы мультфильм Көгөністер әні https://bilimkids.kz/media/video/kogonister-ani «Көгөністі ата» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу." Сурет салудан ойын-жаттығу "Апельсиндер". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды үйрету. "Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Мнемокарта бойынша	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышын тазалау. Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету." «Жеміс пен көкөніс» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Жемістер мен көкөністердің атауларын бекіту; жемістер мен көкөністерді екі топтамаға бөліп, бір-бірінен ажырату тәртібін пысықтау. Құрал-жабдықтар: көкөністер салынған карточкалар, бақшаның суреті. Ойын шарты. Балалар бау немесе

	қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, сөйлеуді белсендіру; байқампаздық, тапқырлыққа тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: екі себеттің суреті, олардың бірінде сопақ пішінді ойық, екіншісінде шеңбер пішінді ойық бар. Пішіндері сопақ немесе шеңберге ұқсайтын көкөністер мен жемістердің сұлбалары: алма, лимон, қызанақ, қияр, қызылша, сәбіз, пияз, баялды, апельсин, банан.	«көкөністер» және «жемістер» деп жалпылауды атауды үйрету. Құрал-жабдықтар: жемістер мен көкөністердің карточкалары. Ойын шарты. Балалар жүк көлігіне тиелген заттарды бір-бірден алып, оның атауын педагогтің соңынан ілесе отырып атайды. Қалған балалар дұрыс жауапты қайталайды. Балалар бақша мен бақ бейнеленген тірек суреттерге қарап, педагогтің соңынан жалпылама сөздерді қайталайды. Көкөністер мен жемістер. Ойынға белсенді қатысу, дұрыс жауап беру, дұрыс жауаптарды қайталап отырғандарды	Балаларға көкөністерді дұрыс атауды үйрету. Құрал-жабдықтар: сәбіз, картоп, баялды, қызанақ, орамжапырақтың суреті немесе нақпішіндері. Ойын шарты. Педагог балаларға әртүрлі көкөністердің суретін (нақпішін) көрсетеді. Балалар олардың атауларын дауыстап атайды. Суреттер (нақпішін): сәбіз, картоп, баялды, қызанақ, қырыққабат.	дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	бақшаның суретіне қарап, жеміс пен көкөністердің әрқайсын танып, атауын дауыстап атайды (суреті немесе нақпішіні). Әр затты екі топтаманың біріне (жеміске не көкөніске) салады. Екі топтаманың әрқайсы толған кезде «мынау көкөністер», «мынау жемістер» деп жалпылап айтады.
--	---	---	--	---	---

		қолдап отырады.			
Ертеңгілік жаттығу	"Қуыршақпен ойнаймыз". Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде. 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет). 3-4 бастапқы қалып. Аяқ арасы алшақ, қуыршақ алда. 1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау. 1-4 алға еңкею. "Қуыршақтар билейді". 5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет). Бастапқы қалып: 1-2 отыру, қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету. Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. Құстарды қазақ тілінде атайды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды,	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады,	"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз,

		(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	балалар сол жерде өсетіндерді ғана тандайды. Олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)	кұрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жомарт қораз". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі	Дене шынықтыру "Қораз секілді қанат қағайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен	Музыка "Күз желі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық	Дене шынықтыру "Өрмелейік, қане біз". Мақсат-міндеттері. Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту. Құрастырудан ойын-	Қазақ тілі "Жолға дайындал ..." Көліктер. Түстер әлемінде." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз

	аяқпен секіру дағдысын үйрету. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қораз ойыншығымен танысу". Мақсат-міндеттері. Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру. "Құстарды аулаға жинайық?" Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дауысын тыңдату. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көгөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. "Төртіншісі артық" танымдық ойыны. Мақсат-міндеттері.	жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. «До – ре – ми» ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратуды үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Дөңгелек жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсінуге және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру;	жаттығу "Қорап". Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпіш құрылыс материалынан қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату. (сөйлеуді дамыту)	тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға жаттықтыру. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аспаз". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: "Тағам түрлерін ата". Мақсат-міндеттері. Тағам түрлерін қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)
--	---	--	--	--	--

		Жемістер мен көгөністерді тануға, байқампаздыққа дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)	қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту.		
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	«Күзгі саябаққа серуен» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл аудару, бақылау, әңгімелеу. Еңбек: саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратуды үйрету. Балалармен жеке жұмыс: тақпақ жаттату. (көркем әдебиет) Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар». Алтын, сары, қызыл, көк Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп,	Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсаматынын байқайды.	Аққайыңды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерді бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қайың өте әдемі ағаш. Оның ақ түсті қабығы ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі қатты. Жапырағы	"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту - бұлттар неге ұқсайды. "Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың,

	Көз тартады атырап. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Күрделенуі: сызықтардан жылдам секіру (уақытқа). Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады). Мақсат-міндеттері. Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттықтыру. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан	жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді, оның гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Күз мезгілінде жапырақтары алтындай жарқырап жерге түседі. Суретшілер қайыңның суретін салуды ұнатады. Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. (сурет салу) Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аланды ағаштардан қурап түскен бүршіктер мен ұсақ бұталардан тазарту. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдаландыру. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-	Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұруы тиіс. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі	Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарын баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен
--	--	---	--	--	---

		жоғарыға бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Д. Ахметова. "Қаракұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарын үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобының арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар қояндар болады. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар екен?" - деп шалғында. "Аңшылар",	бойынша шеңбердің біресе бір жағына, біресе екінші жағына жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу.	жұмыс істеу біліктілігін бекіту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.
--	--	---	--	--	--

		Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да, алаңды алыстан бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашындар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар"	Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру.	
--	--	---	--	---	--

			бір-біріне соғылмай, өз орындарына доптан жылдам қашып баруға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойынның қауіпсіздігін қадағалайды. "Қайыңға қарай жүгір" кимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге дағдыландыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауды үйрету. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері.		
--	--	--	--	--	--

			Қызығушылығы бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру.		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. (математика негіздері) «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам,	"Мозаика" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып өз орнына орналастыруды үйрету; тапқырлыққа баулу. (танымдық дағдылар)	Саусақ ойыны. "Бақшадағы қызанақ пен қияр". Мақсат-міндеттері. Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қияр көгөніс екенін ажыратуды үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Вариативті компонент/Әлеумет "Автобус" ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды автобус жүргізушісі және кондуктор қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; жол жүру ережесі мен автобустағы жолаушы тәртібі туралы	Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі Мақсат-міндеттері. Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. (көркем әдебиет) "Көгөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. (сөйлеуді дамыту)

		шапшаң, епті болуға тәрбиелеу. Шарты. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі. Қазыққа таяп келіп: «Мынау кім?» - деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» - деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары оның сөзін қайталап, жан-жаққа бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстап алмақ болып, балаларды		мағлұмат беру; ойын және қоғам көлігі ережелерін түсіндіру. "Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы. Максат-міндеттер. Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын пысықтау.	
--	--	--	--	---	--

		тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады. (дене шынықтыру)			
Балалармен жеке жұмыс	Санамақтар айтқызу. Бір дегенім - білеу, Екі дегенім - егеу, Үш дегенім - үскі, Төрт дегенім - төсек, Бес дегенім - бесік, Алты дегенім - асық, Жеті дегенім - желке, Сегіз дегенім - серке, Тоғыз дегенім - торқа, Он дегенім - торқа, Он дегенім - оймақ, Он бір қара жұмбақ.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (суретті қарастыру) Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.	Әңгіме құрастыру "Табиғат". Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту.	"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру".	Балалардың отбасында не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.